

**Түйіндеме**

Коммерциялық банкінің халықты несиелендіруде өскен қажеттілік. Оның қажеттілігі ең алдымен экономиканың бір саладан келесі салаға капиталдың өтіп тұруы. Сонымен қатар несие фирмалар және кәсіпорындардың үздіксіз жұмыс жасауына қажетті, әсіресе ауыспалы экономика шарттарында экономиканың нақты секторларында маңыздылығы зор.

**Conclusion**

The increased necessity of crediting of the population a bank of commerce. It is necessary, first of all, as the elastic mechanism of a mobility of capital from one spheres of economy in others. At the same time the credit is necessary for normal continued operation of firms and the enterprises, especially real sector of economic activity that is important in the conditions of transitive economy.

**БАЗАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК КЕСТЕЛЕРІ**

Сейсембай Г.А., Мамиева Б.О.

Базар Оңдасұлы – XIX ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Жақұт жырдан сұлу мүсін тұрғызған Балқы Базар Оңдасұлының әдеби мұрасы – қазақ сөз өнерінің қымбат қазынасы.

Ақын толғауларының негізгі бағыттарының бірі – елдің еркіндігі, халықтың бірлігі, адамның ар-иманы мен кісілік мінездерін ұлықтау.

Халқының асыл мұрасы болып саналатын сөз өнерінің киесін ұғына білген Балқы Базар шығармалары терең ойлылығымен, мазмұндылығымен, көркемдік кестесінің келістілігімен құнды.

Ақын шығармашылығы турасында «...сол «бейкүнә» ұмытылып бара жатқан ақындардың біреуі – менің бір-екі сөзбен таныстырайын деп отырғаным Базар жырау. Базардың дәл қанша терең ақын екендігі туралы мен бұл жерде толық пікір айта алмаймын. Қолымда Базардың 4-5-ақ өлеңі бар. Мұндай өлеңмен ақынды өлшеуге болмайды ғой. Бірақ, осы төрт-бес өлеңінде-ақ Базардың сөзге жүйрік, ойлы ақын екендігі сезілетін сықылды», – деп пікір білдірген Мағжан Жұмабаевтың ақынның терең талғамы мен шебер суреткерлігін санаулы ғана шығармасы арқылы сезінуі тегін емес сияқты. [1,341] Базар – ойға берік, сөзге жүйрік, талғампаз ақын. Ол көркем сөздің, тілдің құдіреті мен өмірлік мәнін терең түйсініп, оны адам санасын өзгертіп тәрбиелеуде таптырмас құрал деп санаған.

Оның ден қоя жырлаған тақырыбының бірі – өмірдің өткіншілігі, оның баянсыздығы, тұрақсыздығы. Бұл ретте жыр толғаған өзге әріптестерінен Базардың бір айырмасы өз ойын аз сөзбен жинақтап, ұтымдылық пен тапқырлық танытып отыратындығында. Поэзияның құдіреттілігі жинақылығында, сұлулығы көркемдеуіш құралдарды орында қолданып, сөзді образдылық тұрғыдан «ойната» білуде екендігін ескерер болсақ жырау туындыларынан мұны анық байқай аламыз.

Базар шығармаларында айқындаудың (эпитет), алмастырудың (метонимия), ауыстырудың (метафора) қолданысы жиі көрініс табады. Ақын кейде «заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөздерді» [2, 209]

пайдаланып, айтатын ойын нақтыласа, кейде «шекте заттар мен себепте құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздерді бірінің орнына бірін қолданып» [2, 220], ойын ықшамдау тәсіліне жүгініп отырған. Мысалы: «Жылай да қалған мұндықты», «Балдағы алтын ай болат», «Барымды бүгін сермейін», «Жаны ардақты жақсының», «Жоқтың артын ашады», «Қараң құрсын, жолама», «Аққа берген серт артық», / «Жаманнан азар көргеннен», «Күдері баулы көк шыбық», «Он екі мүшең сауында-ай», «Нешеулердің жалғызын», «Қикулатқан жиырма бес», «Тұр-тұрлатқан жиырма бес», «Күн-түн қатқан жиырма бес», «Бір тіл қатқан жиырма бес», «Мұзды балақ, қанды көз» деген секілді жыр жолдары осы қолданыстарға жатады.

Өз өнері туралы:

Қайыңның қатты безі едім,

Өлеңнің аққан көзі едім!

Сөйлер сөзге келгенде,

Шебердің құрған тезі едім! –

деп жырлаған жырау ауыстыру тәсілін қолдана отырып, ақындық шеберлігін «қайыңның қатты безіне», «өлеңнің аққан көзіне», «шебердің құрған тезіне» баламалай отыра, метафоралық тізбектерді ұтымды қолдана білген.

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу [2, 212] екені мәлім. Сөз ететін, баяндайтын нәрсеңні екінші бір нәрсеге теңеп, балап айту – осы бір ежелгі шешендік сөздермен астас жатқан, өлең-жырларда әбден орныққан тәсіл ақындарының шығармаларында жиі ұшырасады. Мына бір жырда ақын өзінің жыраулық атақ-даңқы жайында:

Терендігім теңіздей,

Қайратым – қоңыр өгіздей.

Халқымның аузын тұщыттым,

Сере шыққан семіздей.

Дабысым кетті алысқа –

Жиреншенің өзіндей

Бір есіткен сөзімді

Тарқамады құмары –  
 Ғашық боп Мақпал-Сегіздей –  
 деп, тебірене толғанады. Ақын тілі әрдайым бейнелі, өрнекті. Орынды қолданылған теңеулерге толы. Мысалы:

Жаурынды жазық тақтайдай,  
 Жыландай белі бүгілген.  
 Қырымнан қара көрінсе,  
 Құлағын жұптап үңілген...  
 Жігіттіктің екпіні –  
 Қаптаған қара дауылдай.  
 Күркіреп жауған көктемгі  
 Қара нөсер жауындай.  
 Тұтынса берік тозбайтын,  
 Күдері қылыш бауындай.

Теңеулер арқылы бейнелеуге шеберлігі оның халықтық тіл байлығын жақсы меңгергеніне дәлел бола алады.

Баяны бар ма дүниенің  
 Төгілген қолдан сынаптай.  
 Қиядан орға тас салдым,  
 Қайнаған қайрат шыдатпай.  
 Ұстасқан қолды қидырған,  
 Ай балтаның бауырына  
 Болаттан қиған қияттай,  
 Туысының кемі жоқ,  
 Тай-жолбарыс сияқты-ай.

Базар қолданған теңеулердің лексикалық қоры мол, салыстыратын заттар мен құбылыстардың аумағы кең. Ақын шығармаларында табиғат, жаратылыс көріністері: ай мен күн, өзен мен көл, аң мен құс, тау мен дала, төрт түлік мал, жанды мен жансыз, мезгіл мен күн райының құбылыстары мақсатына, ұқсас белгілеріне қарай шендестіре сипатталып отырады. Ақын сөздің тазасын, мәнерлісін «аршыған жауқазындай» деп сипаттаса, ажарсыз өлеңді «шала қарпыған киізге» теңейді, өзін халқының қажетіне қашанда дайын «көгендеулі марқасындай» көреді. Базардың теңеулері көп жағдайда тұрақты тіркес, фразеологиялық оралымдар арқылы жасалып, көркемдік тұрғыдан әсері күштірек сезіледі.

Жалпы, жырлары афоризмге толы, жырау ел аузында айтылып жүрген мақалдарды ой елегінен өткізіп, қайтадан түрлендіріп, әрлеп, кейде тіптен басқаша мағына беріп, суреткерлік шеберлікпен қолданады.

Мәселен, адамның ақылы мен қайраты тең түсіп, оның бәрі елі, халқы үшін қызмет қылуға арналса, онда ел де, ер де өз мұраттарына жетер еді. Амал не олар тең түспейді, сондықтан ақылға негізделмеген қуат дөкір қимылдар жасайды. Күшке, қайратқа ұштаспаған ақыл да панасыз, дәрменсіз. Ол өз бетімен дегеніне жетпек емес. Ақын өмір тәжірибелерінен түйгендерін осылайша қорытады.

Андасаң ақыл тең болмас,  
 Алысқан жерден жығатын,  
 Денеңе біткен қуатпен.

Жаратқан өзі жар болса,  
 Тәңірі берген жігіттің  
 Өтеді күні мұратпен.

Базар әсіресе, мақал-мәтелдердің мәнін ерекше бағалаған. Ақынның халық даналығын терең меңгергені осыдан көрінеді. Базар күнделікті өмірде жиі қолданылатын нақылдарға поэтикалық нәр беру арқылы өз толғауын да түрлендіріп, қарапайым тіркестердің бойына айрықша қуат дарытады. Жинақтап айтқанда, жырау шығармаларында кездесетін нақыл, мақал-мәтелдердің бір тобы мыналар: Ер көгерер алғыспен; Тай озар тап етерде; Алла ісінде арман жоқ; Қалады жұрттан – жоба, кенттен – оба; Өнбейтін даудың ізінен, өспейтін жігіт қуалар; Ит біледі сүйекті, малды бір сұра – малшыдан; Жесірдің қамын ойласаң, жетімнің көңілі жұбанар; Жабырқап досың қайғырса, дұшпаның сырттан сығалар; Әр кемелге – бір зауал; Қызыл тілде буын жоқ; Азаттыққа – қару жоқ, қарусыз жауға – бару жоқ, т.б.

Халықтық шешендікті меңгерген жырау әрдайым төгілте жыр толғап, өлеңнен бейне бір екпінді сел ағызғандай болады. Төмендегі өлең жолдарында сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу [2, 229] мақсатымен қайталау тәсілін қолданғанын байқаймыз. Нақтырақ айтар болсақ, жырау кезекті қайталау тәсілін қолданып отыр:

Қу қанжыға жүйріктен  
 Қаба жалды берік артық.  
 Жылуы жоқ тымақтан  
 Баса киген бөрік артық.  
 Жаман болса алғаның  
 Мақтасы қалың көрпе артық.  
 Қараға жауап бергеннен  
 Аққа берген серт артық.

Базар өлеңдерін ауызша шығарса да жазбаша әдебиетке тән қасиеттерден құр емес. Дыбыстық қайталаулардың, яғни аллитерация, ассонанстың жиі кездесуі бұған дәлел.

Көшкен елді қуалап,  
 Күн-түн қатқан жиырма бес.  
 Қыз- келіншек келсе,  
 Қыңырықтап құр кетпей,  
 Бір тіл қатқан жиырма бес.  
 Немесе  
 Жоғарыдан төменге  
 Жүйесін тауып су ағар.  
 Жазғытұрым болғанда,  
 Жердің бетін бу алар.

Сөйтсе де Базар – негізінен жыраулар дәстүрін берік ұстаған төкпе ақын. Оның поэзиясына жыраулық сарын – тән құбылыс.

Ақын толғауларынан шендестіру тәсілі де көрнекті орын алған. Бұл сипаттағы өлеңдерінде Базар жақсы мен жаманды, алыс пен жақынды, жанды мен жансызды салыстыра отырып, адам,

табиғат, дүние сырларын, қарама-қарсы түсініктерді қатар қою арқылы ашуға талпыныс жасаған. Жалпы, шендестіру, кейіптеу, әсірелеу, дамыту секілді тәсілдер Базар стиліне тән негізгі белгілер екені аңғарылады. Ақынның арнау өлеңдерінен астарлау үлгілері, психологиялық параллелизмнің де мәнді мысалдары жиі ұшырайды. Осының бәрі Базар жырау талантының биік деңгейі мен ақындық қабілетінің, поэтикалық қарымының қуаттылығын танытатын әдеби-эстетикалық белгілерге жататыны даусыз.

Дарынды ақын-жырауларды басқалардан бәрінен бұрын көркем тілі, айшықты ойы, бейнелі сөзі ерекшелесе керек. Олай болса, Базар жырау – әдебиет тарихында озық ой, кестелі сөз қалдырып, кейінгі ұрпаққа аманат етіп «жыр күмбезін көтеріп» кеткен суреткер.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1991.

2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Жазушы», 1992.
3. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. – Алматы: Жазушы», 1992.

#### Резюме

*В статье проанализированы художественные особенности произведений Базара Ондасулы, видного деятеля, талантливого жырау казахской литературы XIX века. В творчестве акына показано мастерство применения художественных средств.*

#### Conclusion

*In the article there analyzed some peculiarities of works of art of Bazar Ondas, the eminent worker, talented zhyrau of Kazakh literature of the 19 th century. The skill of using artistic means is shown in the akyn's works.*

### РОЛЬ МАРКЕТИНГА В РЕГУЛИРОВАНИИ БАНКОВСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Субботина Е.И.

Актуальность исследования маркетинговой деятельности лежит в основе работы всех подразделений банка. В современной казахстанской практике мозговым центром, организующим маркетинг, как правило, является отдел маркетинга. Он занимается непосредственно изучением рынка, сбором необходимой информации, ее анализом, разработкой стратегии освоения рынка.

Введение маркетинга в управление коммерческими банками положило начало возникновению системы критериев выработки стратегии и тактики деятельности, а также определения конкретных мер изучения и развития рынка. Внедрение маркетинга способствует росту доходности и снижению риска банковской деятельности. Очень многое зависит от управления капиталами банка, работы с активами и пассивами. Необходимость маркетинга заключается в том, что он выступает механизмом поддержания адекватности всей деятельности банка процессам, развивающимся на рынке.

Работа банка всегда направлена на достижение конкретных целей. Но для того, чтобы не сбиться с намеченного курса, необходим постоянный контроль за тем, как реализуются намеченные программы. Значительная трансформация происходит в содержании, формах и методах контроля в нашей стране по мере углубления и расширения экономических реформ, перехода к рыночной экономике, упразднения запретов на негосударственные формы собственности, изменения порядка владения производимыми материальными благами

и услугами, их потребления, распределения и использования.

Сегодня для конкуренции в банковском секторе Казахстана свойственно несоблюдение принципов добросовестной рекламы. Многие банки Казахстана называют себя самыми лучшими, самыми крупными, самыми надежными, а условия своих продуктов – самими выгодными. Банки борются за лояльность клиента больше ценовыми методами – кто даст ниже проценты по кредитам или выше – по депозитам, кто разыграет приз подороже и побольше, к сожалению, фактор качества – еще не главный в конкуренции казахстанских банков.

Подводя итог сказанному, определенно можно сделать выводы о том, что переход к рыночной системе хозяйствования не может быть успешным, если на вооружение не принять весь инструментарий рынка с учетом, естественно, специфических особенностей Казахстана. И, прежде всего, это относится к маркетингу, обеспечивающему комплексный подход к решению хозяйственных проблем, связанных с рыночной деятельностью.

Деятельность организации банковского маркетинга является отправной точкой для изучения подходов к работе с кадрами, совершенствования предоставляемых услуг, трансформации деятельности в соответствии с изменяющимися запросами рынка. Важен не только постоянный ежедневный контроль за развитием маркетинга, но и обязательный ситуационный анализ, характеризующий состояние деятельности на рынке. Это открывает возможности оценить проделанную работу, ее резуль-